

Кезекті іс-шара «Дүниежүзілік авиация және гарышкерлер» күніне арналып отті. Іс-шараның негізгі қатысушылары «Үміт» мектеп- интернатының оқушылары мен кітапхана оқырмандары болды. Іс-шара «Үшкыш болғым келеді» атты оленін мәнерлеп оқудан басталды. Гарыш жайындағы қызықты әңгімелерді баяндаудан басталды. Ежелгі адамдардың гарыш жайындағы армандары, күнге қызығуы, жұлдыздарды танып – білуге деген күштарлығы, тапқырлығы арқасында жеткен жетістіктері жайында сөз қозғалды. Екінші кезекте балалардың гарыш, гарышкерлер жайындағы түсініктері, ой-пікірлері ортаға салынып, жүргізуші барлық алынған мәліметті саралап, бір ортақ түсінік қалыптасуы үшін «сұрақ-жауап» ойындарын жүргізді. Іс-шараның негізгі бөлімінде әңгіме мен мысал, түрлі деректер мен қызықты естеліктер - танымдық мәні өте зор «Гарышка саяхат» атты қорқем слайдына ұласты. Слайд баланың санасына жеңіл, қабылдауына оңай, есте сақтауы үшін түрлі-түсті суреттермен безендірілген. Балаларға арналып жасалғанымен, барлық адамға түсінікті, ең ұсақ нәрселерден бастап, ең қолемді тақырыпқа дейін байқатпай ұғындырады. Алған ауызша мәліметті, толыққанды дерекпен, нақты суретпен толықтырып, санаға қорқем түрде қонып алады. Оқу залының тақырыпқа сай безендірілуіне, «Гарышка сапар» атты кітап қормесін ұйымдастыруға, Гарыш тақырыбына арналған кіші қалыпты мүсіндерді, түрлі макеттерді және т.б. күнды қорнекі құралдарды іріктеп, ұсынған, таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізген «Тифлология» бөлімінің меңгерушісі Л.Абжаппарова болды. Жиын соңында балалар екі командаға бөлініп, викториналық сұрақтардың жауаптарын кезектесіп тауып отырды. Осылайша, кітапхана мамандарының ұйымдастыруымен өткізілген, танымдық мағынасы зор кезекті іс-шара өз мәресіне де жетті.

(Әдемі Бөрібекова – ОКО арнайы кітапханасының кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы)

Іс-шара 9 сәуір 2015 ж. отті



«Гажайып гарыш әлемі» (12 сәуір гарышкерлер күніне орай)

Авторлар: спецбіб

10.04.2015 15:38 - Жанартылган 17.04.2015 10:24

